

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
ДЕПАРТАМЕНТІ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

20 14 ж. " 5 " сәуір

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 050240008744

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ

2005 ж. " 10 " ақпан



Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2014 жылғы «18» наурыз № 68
қаулысымен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
«Облыстық онкологиялық диспансер»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының

ЖАРҒЫСЫ

Петропавл қаласы 2014 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Облыстық онкологиялық диспансер» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № 60 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Облыстық онкологиялық диспансер» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қайта құру жолымен Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Облыстық онкологиялық диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны болып құрылды.

3. Кәсіпорынның Құрылтайшысы және Кәсіпорынға қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі функцияларын жүзеге асыратын орган Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган).

Жергілікті атқарушы органның заңды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,

150011 Солтүстік Қазақстан облысы,

Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

4. Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығының субъект құқығын Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі жүзеге асырады (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган).

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі – сәйкес саладағы уәкілетті орган).

Тиісті саладағы уәкілетті органның заңды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,

150010 Солтүстік Қазақстан облысы,

Петропавл қаласы, Театральный көшесі, 56 а.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Облыстық

онкологиялық диспансер» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде: коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной онкологический диспансер» акимата Северо-Казахстанской области Управление здравоохранения Северо-Казахстанской области.

Кәсіпорынның қысқартылған атауы:

орыс тілінде: КТТ на ПХВ «Областной онкологический диспансер».

мемлекеттік тілде: «Облыстық онкологиялық диспансер» ШЖҚ КМК.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 150007, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, М.Әуезов көшесі, 133.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерміні, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөртабаны мен мөрі бар.

10. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катысушысы) бола алады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілеттіліктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы өндірістік - шаруашылық қызметтерді жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын тегін медициналық көмектің кепілді көлемі және ақылы медициналық қызмет аясында ересек адамдар мен жасөспірімдерге білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған стационарлық, стационар алмастырушылық және амбулаториялық – емханалық медициналық көмекпен қамтамасыз ететін көп бейінді емдеу – алдын алу кәсіпорны болып табылады.

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға бюджет қаражаты есебінен ұсынылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мыналар болып табылады:

1) Солтүстік Қазақстан облысындағы кез келген меншік түрінде МҰ-да өткізілетін обырға қарсы күрес бойынша іс-шараларға ұйымдастыру - әдістемелік басшылық жасау;

2) онкологиялық қызметті жақсарту бойынша іс-шаралардың жылдық және келешекке арналған жоспарын жасау;

3) қатерлі жаңа өспелердің пайда болу аурулары және оларға кеш диагноз қою себептерін жүйелі талдауы;

4) тұрғындарды жаппай алдын ала қарауды және қатерлі жаңа пайда болумен ауырғандарды ерте анықтау мақсатында онкологиялық құрамдас бөлікті өткізуге бақылау жүргізуге қатысу;

5) онкологиялық және онкологиялық емес ауруларды жалпы арнайы зертханалық диагноз қою түрлерімен қамтамасыз ету;

6) онкологиялық ауруларға көмек көрсетуге қатысатын онкологиялық диспансердің де, басқа МҰ-да тәжірибесіне қатерлі ісіктерге диагноз қоюдың және емдеудің неғұрлым әсерлі әдістемесін енгізу;

7) диспансердің қызмет ету аймағында есепте тұрған онкологиялық ауруларға диспансерлік қызмет көрсету. Онкологиялық ауруларды жинақталған кешенді емдеу, сондай-ақ монотерапия (хирургиялық, сәулелік, ПХТ);

8) диагноз қою деңгейіне және жалпы емдеу жүйесінің медициналық мекемелердегі онкологиялық ауруларды емдеу мүмкіндігін бақылау;

9) жалпы емдеу жүйесінің ММ-дегі ісік алды сырқатына шалдыққан аурулардың сауығуын бақылау;

10) онкологиялық ауруларды емдеудің тиімділігін зерделеу және талдау;

11) Окілетті органмен белгіленген нысандары мен мерзімдеріне сәйкес есеп жүргізу және өзінің қызметі бойынша есеп беру;

12) Облонкодиспансерге Денсаулық сақтау басқармасы арқылы келіп түскен мемлекеттің басқада тапсырыстарын орындау;

13) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған медициналық және медициналық емес көмек пен қызмет көрсетудің басқа түрлері;

14) Кәсіпорын қызметінің негізгі қызметі онкологиялық және онкологиялық емес ауруларға білікті және мамандандырылған медициналық көмек (стационарлық, стационарды алмастыру, амбулаториалық-емханалық көмек) көрсету, сондай-ақ онкология мәселелері бойынша кез келген меншік түріндегі облыстық емдеу-алдын алу ұйымдарынан ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық, сондай-ақ стационарлық, стационарды алмастыру көмекті дамыту және жетілдіру, медициналық қызметке қол жетімділікті және сапаны арттыру жолымен облыс халқының денсаулығын жақсарту.

15) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мыналарды қамтиды.

- уәкілетті органмен айқындалатын ауруханаға жатқызу жағдайларының жоспарланатын саны (шекті көлемі) шеңберінде бастапқы медициналық -

санитарлық көмек көрсететін маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша, төтенше айғақтары бойынша жолдаманың болу-болмауына қарамастан, берілетін стационарлық медициналық көмек;

- бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін маманының немесе онкодиспансердің кеңестік емханасының жолдамасы бойынша стационарды алмастыратын медициналық көмек;

- амбулаториялық - емханалық көмек,

- қалпына келтіру емі және медициналық оңалту.

Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес ақылы медициналық қызмет көрсетіледі.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) медициналық қызмет;

2) зертханалық диагностика (жалпы клиникалық зерттеулер);

3) зертханалық диагностика (серологиялық зерттеулер),

4) зертханалық (цитологиялық зерттеу),

5) функционалдық диагностика,

6) рентгенологиялық терапия,

7) радиологиялық диагностика,

8) ультродыбыстық диагностика,

9) эндоскопиялық диагностика,

10) патологиялық анатомия

11) Ересек тұрғындарға амбулаториялық - емханалық медициналық көмек – мынадай мамандықтар бойынша: онкология, маммология, амбулаториялық хирургия радиология, жалпы терапия;

12) Ересек тұрғындарға стационарлық медициналық көмек - мынадай мамандықтар бойынша, хирургия, (абминальды) торақалдық хирургия, эндоскопиялық хирургия, онкология, маммология, радиология, анестезиология және реаниматология, химиотерапия;

13) Сараптамалық медициналық қызмет, еңбек қабілетін сараптау;

14) Есірткі құралдарды, психотроптық заттарды және прекурсорды алумен, сақтаумен, таратумен, қолданумен және жоюмен байланысты қызмет;

15) Иондаушы сәуле тарату көздерін қолдану;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбайтын басқа да іс-әрекет түрлері;

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі

уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

7) Кәсіпорынның мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді;

8) Осы Жарғымен Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді іске асырады;

19. Тиісті саладағы уәкілетті орган:

1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін айқындайды;

2) Кәсіпорынды дамыту жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынды дамыту жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын басшысымен (бас дәрігер) еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы рәсімдейді.

5) Басшыны (бас дәрігерді) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен тағайындайды, оны аттестациядан өткізеді.

20. Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

21. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5 тармағында көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

22. Кәсіпорынның басшысы (бас дәрігер) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

23. Кәсіпорын басшысы (бас дәрігер) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады, сондай-ақ ер адамдар мен әйел адамдардың мемлекеттік тең құқылық және мүмкіндіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді.

24. Кәсіпорын басшысы (бас дәрігер) дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Кәсіпорын басшысы (бас дәрігер):

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттарды ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтарды шығарады және нұсқаулықтар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

Тиісті саланың уәкілетті органы басшының ұсынымы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы оның Жарғысында белгіленеді.

8) Еңбек ақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметіне тағайындау және қызметінен босату кезінде келісу үшін тиісті саладағы уәкілетті орган кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшысы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саладағы уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын лауазымына тағайындайды және лауазымнан босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы қағиданы бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынды басқару ерекшеліктері

26. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорында тиісті саланың уәкілетті органының ұсынысы бойынша Кәсіпорын органы – байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорында байқау кеңесін енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

27. Байқау кеңесі құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарға қойылатын өлшемдері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

28. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

29. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

30. Байқау кеңесінің өкілеттігі, отырыстарды өткізу тәртібі:

1) Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгертулер мен толықтыруларды енгізу жөніндегі тиісті саладағы уәкілетті органға бекітуге береді;

2) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы туралы, оған өзгертулер мен толықтыруларды енгізу жөніндегі есептің жобасы келіседі;

3) демеушілік және мейрімділік көмекті және қосымша көздерден алынған қаражаттар, соның ішінде кәсіпорын иелігіне қалған таза табысты тарату туралы шешім қабылдайды;

4) бюджеттік қаражаттарды және қосымша көздерден алынған қаражаттарды мақсатты қолдануды бақылауға кәсіпорын және оның бейінді бөлімшелерінің құжаттамаларымен тікелей танысады, көрсетілген қаражаттарды мақсатты пайдаланғандығын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саладағы уәкілетті органға ұсыныстарын енгізеді;

5) Кәсіпорын басшысын (бас дәрігер) тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу туралы мәселелерге тиісті саладағы уәкілетті орган ұсыныстарымен келіседі;

6) даму жоспарымен бекітілген, қаражаттар шегінде қосымша қаржылық көздерінен Кәсіпорын жұмысшыларының, басшысының (бас дәрігерінің), оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына қосымша үстемеақы, сыйақы және материалдық көмек көрсетуді белгілеу бөлігінде шешім қабылдайды және ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады;

7) Бақылау кеңесі хатшысын тағайындайды, өкілетті мерзімін және еңбекақы көлемін анықтайды, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Кәсіпорын жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы сәйкес саладағы уәкілетті органға өз ұсынысын енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметіндегі басымдылық бағыттар бойынша ұсыныстарын өндіреді;

10) Басқа да заңды тұлғаларда Кәсіпорынның қатысу туралы сәйкес саладағы уәкілетті органға өз ұсыныстарын енгізеді;

11) Филиалдарды, өкілдіктерді құру мен жабу бойынша сәйкес саладағы уәкілетті органға өз ұсыныстарын айтады.

6. Кәсіпорынның мүлкі

31. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілген, Кәсіпорынның активтері құрайды.

32. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымшылар (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

33. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік тарапынан берілген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

34. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

35. Шаруашылық жүргізу құқығын алу мен тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен толықтату үшін көзделген талаптарды және тәртіппен жүзеге асырылады.

36. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

37. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

38. Кәсіпорынның негізгі құралдарына жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

39. Кәсіпорын мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249 бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 37.38 тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

40. Осы Жарғының 41 тармағында көзделген, шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы жергілікті орындаушылық органның шешімі бойынша Кәсіпорынан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

41. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

42. Тиісті саладағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен кәсіпорын:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

43. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

44. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе жергілікті атқарушы органмен өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 42 және 43-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған акшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

45. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған, бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

46. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасы Бюджет кодексімен қарастырылған тәртіпке сәйкес бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

47. Кәсіпорын өз бетінше медициналық қызметтер көрсетеді.

48. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Кәсіпорын өзінше белгілейді.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлiкті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы

50. Кәсіпорынның жарғылық капиталдың мөлшері 664 480 136 (алты жүз алпыс төрт миллион төрт жүз сексен мың жүз отыз алты) теңгені құрайды және 100% меншік иесімен қалыптасқан.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

51. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

53. Кәсіпорын байқау кеңесімен бірге жылдық қаржылық есеп беру аудитін жүргізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті байқау кеңесінің, басшының (бас дәрігердің) жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша (байқау кеңесін құрған жағдайда) Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

54. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

55. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

56. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

57. Тиісті саладағы уәкілетті орган мен Кәсіпорын арасындағы, жергілікті атқарушы орган мен Кәсіпорын арасындағы қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалады және реттеледі.

12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

58. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

59. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

60. Кәсіпорын басшысының (бас дәрігер), оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

61. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

62. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

63. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның акшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.



Утвержден постановлением акимата
Северо-Казакстанской области
от «18» марта 2014 года № 68

УСТАВ

**коммунального государственного предприятия
на праве хозяйственного ведения
«Областной онкологический диспансер»
акимата Северо-Казакстанской области
Управления здравоохранения Северо-Казакстанской области**

город Петропавловск 2014 год

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной онкологический диспансер» акимата Северо-Казахстанской области Управления здравоохранения Северо – Казахстанской области (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано путём преобразования Коммунального государственного казённого предприятия «Областной онкологический диспансер» акимата Северо-Казахстанской области Министерства здравоохранения Республики Казахстан в Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной онкологический диспансер» акимата Северо-Казахстанской области Министерства здравоохранения Республики Казахстан на основании постановления акимата Северо-Казахстанской области от 10 марта 2011 года за №60.

3. Учредителем Предприятия и органом, осуществляющим по отношению к Предприятию функции субъекта права коммунальной собственности, является акимат Северо-Казахстанской области (далее – местный исполнительный орган).

Юридический адрес местного исполнительного органа: Республика Казахстан, 150011 Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Конституции Казахстана, 58.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет Акимат Северо-Казахстанской области (далее - местный исполнительный орган).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управления здравоохранения Северо-Казахстанской области» (далее – уполномоченный орган соответствующей отрасли).

Юридический адрес уполномоченного органа соответствующей отрасли:
Республика Казахстан,
150000 Северо-Казахстанская область,
город Петропавловск, улица Театральная, 56а.

6. Наименование Предприятия:

на государственном языке: Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Облыстық

онкологиялық диспансер» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

на русском языке: коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной онкологический диспансер» акимата Северо-Казахстанской области Управления здравоохранения Северо - Казахстанской области.

